

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының  
Орал қаласының білім беру бөлімінің №50 «Заңғар» бөбекжайы»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының  
2021-2022 оқу жылына өзін-өзі бағалау қорытындысы**

## **№ 50 «Заңғар» бөбекжайы МКҚК-ның өзін –өзі бағалау туралы есебі**

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 137 бабы, 5 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 21-2тармақшасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес 2022 жылдың 23-27 мамыр аралығында 2021-2022 оқу жылына өзін –өзі бағалау жүргізді.

Өзін – өзі бағалауды бөбекжай басшысының 2022 жылғы «20» мамыр №28§2 бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда (бұдан әрі - комиссия) өткізді

1. Ниярова Н.М. № 50 «Заңғар» бөбекжайы меңгерушісі –комиссия төрағасы;
2. Зулкашева А.А. №50 «Заңғар» бөбекжайы әдіскері - комиссия мүшесі;
3. Даулетжан Ә.Ж. № 50 «Заңғар» бөбекжайы әдіскер-инноватор -комиссия мүшесі;
4. Мағзомова А.А. № 50 «Заңғар» бөбекжайы тәрбиешісі- комиссия мүшесі;
5. Даулетова Д.И. № 50 «Заңғар» бөбекжайы тәрбиешісі - комиссия мүшесі.

### **1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет**

1. **Білім беру ұйымының толық атауы:** Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «№50«Заңғар» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
2. **Заңды мекен-жайы:** Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Зачаганск кенті, Арман ықшам ауданы, Мұрат Мөңкеұлы көшесі 104.
3. **электрондық адресі-** [zangar50@mail.ru](mailto:zangar50@mail.ru), **web-сайт-**<https://zangar.bilim-oral.gov.kz/>  
**телефон/факс-** 87112- 26-53-29
4. **Заңды өкілі:** Ниярова Нурслу Мадинетовна – меңгеруші, Орал қаласы білім беру бөлімінің 26.04.2016 жылғы №36 §1 негізінде ауыстыру тәртібімен және қайта тағайындау туралы Орал қаласы білім беру бөлімінің 19.01.2021 жылғы № 13-Ө бұйрығы негізінде лауазымға тағайындалған. Телефон-факс - 8712-26-53-29.
5. Бөбекжайдың Жарғысы Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының 06.01.2021 жылғы №11 қаулысымен бекітіліп, 19.01.2021 жылы Орал қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімінде тіркелген (алғашқы тіркелген күні 09.09.2014)
6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің қызметті басталғаны туралы хабарлама №KZ16RVK00031142 02.02.2021 жылы берілген. Мемлекеттік тіркелуі туралы анықтама: «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалының Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және заңды тұлғаларды тіркеу бөлімі берген «Заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы» анықтама, берілген күні 19 қаңтар 2021 жыл (алғашқы тіркелген күні 09 қыркүйек 2014 жыл). Бизнес сәйкестендіру нөмері 140940008154  
Бөбекжайда тәрбие –оқыту үрдісін ұйымдастыру үшін жас ерекшеліктеріне сәйкес 18 топ жұмыс жасайды. Жобалық қуаты 360 орын.

## **1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:**

1) *білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі:*

2021-2022 оқу жылында бөбекжайда жас ерекшеліктеріне байланысты келесідей жас топтары: екі кіші («Айналайын», «Балақай»), бес ортаңғы («Еркетай», «Балапан», «Айгөлек», «Сәуле», «Балбөбек»), жеті ересек («Балауса», «Жігер», «Тұлпар», «Достық», «Шұғыла», «Қызғалдақ», «Сұңқар»), төрт мектепалды даярлық («Бәйтерек», «Ақбота», «Ақдидар», «Ақорда») топтары жасақталған. "Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы, жұмыс оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен бекітілген «1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» басшылыққа алынып, 1- қосымшасы негізінде жасалған. Жұмыс оқу жоспары білім беру ұйымының басшысымен бекітілген.

2) *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру:* топтар бойынша жылдық жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыз №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» бойынша бес білім беру салаларының мазмұнын, мақсатын балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес үлгілік бағдарлама мазмұнын игерудің сабақтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз ететін өтпелі тақырыптар негізінде жасалған. Топтар бойынша жас ерекшелігіне сай жазылған циклограммада жұмыс кезеңдері, ұйымдастырылған оқу қызметі кестесі бойынша қысқаша мазмұны, вариативті бөлімі қарастырылған, оқу жүктемесінің, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы мен көлемі үлгілік оқу жоспарға сәйкес берілген, көлемі сақталған. 2021-2022 оқу жылында педагог – мамандары мен тәрбиешілердің перспективтік жоспарлары өтпелі тақырып негізінде жазылған, циклограммалары, жас ерекшеліктері ескеріліп жасалынған ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестелері, жас топтары бойынша күн тәртібі құрылған. Жас ерекшеліктері бойынша топтардың жұмыс циклограммалары жинақталған. Балалардың өмірін ұйымдастыру мен тәрбиелеуді жоспарлау циклограммасында вариативтік бөлімге сағат сандары берілген.

*оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;*

Бағдарлама мазмұнына сәйкес педагог – мамандары мен тәрбиешілердің перспективтік жоспарлары өтпелі тақырып негізінде жазылып, балалардың өмірін ұйымдастыру және тәрбиелеуді жоспарлау циклограммасында ұйымдастырылған оқу қызметтерінің құрылымы бағдарламаның мақсат-міндеттеріне сай айқындалған, оқытудың күтілетін нәтижелері балалардың өмірін ұйымдастыру және тәрбиелеуді жоспарлау циклограммасында жазылған.

Қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру жұмыстары ұйымдастырылған. Балалардың бойында бес білім беру саласы бойынша білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйренуін қалыптастыру жұмыстары жас топтарына сәйкес жылдық перспектикалық жоспарлар мен циклограммаларда жоспарланып, жүргізілген. Дағдылардың даму деңгейін ойын, бақылау, жаттығулар, әңгімелесу, сұрақ-жауап әдістері арқылы қалыптастырған. Топтың күн тәртібі тәрбиеленушілердің жас ерекшелітеріне сай жасалған.

*тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау:* Бөбекжайда тәрбиелеу мен оқытудағы психологиялық-педагогикалық қызмет жұмысының негізгі бағыттары қарастырылған. Топтардың балалар өмірін ұйымдастыру және тәрбиелеуді жоспарлау циклограммасында ата-аналарға кеңестер, ұсыныстар беру, жеке әңгімелесу т.б. жұмыстар жоспарланып, жүргізілген. Педагог-психолог маманы төмендегі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізген: психологиялық –ағартушылық, психологиялық кеңес, психологиялық профилактика, психологиялық диагностика. Осы міндеттерді орындау үшін бөбекжайда тәрбие мен оқытудың озық тәжірибелерін пайдалана отырып, баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, стандартқа сәйкес жүзеге асыру көзделген. Психолог маманның жылдық жоспары, балалармен өткізілген танымдық процестер диагностикасының анықтамасы, психологиялық бейімделу, психологиялық ағарту, психологиялық түзету және дамыту жұмыстары, психологиялық-педагогикалық кеңес беру жұмыстары және оның хаттамалары, ата-аналармен және педагогтармен жүргізілген жұмыс түрлері, ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатысу құжаттары жинақталған. Атап өтсек 2021-2022 оқу жылында ата-аналармен «Балабақшаға баланың бейімделуі», «Бала бөбекжайға алған келгенде», «Ашушаң балақай», «Бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлін анықтау», «Бала тәрбиесінде кездесетін қателіктер», «Баланың мектепке психологиялық дайындығы», «Балаларды мектепке және жалпы дайындау», «Бала неге өтірік айтады?» тақырыптарында кеңестер беріліп, «Балабақшаны бағалау деңгейі», «Менің балам қандай?», «Балаңыз мектепке дайын ба?», «Сіз қандай ата-анасыз?», «Өзінді таны» тақырыптарында сауалнамалар жүргізілген. Педагогтермен «Жетістікке жету мотивациясын анықтау» Т.Элерс тесті, «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған саусақ ойын жаттығулары», «Түзете-дамыту жұмысында денсаулық сақтау технологиясын қолданудың ерекшелігі» тақырыбында баяндама, жас мамандармен «Жас келсе, іске» кеңес, «Сізге қай мамандық лайық?», «Жақсы көңіл күй жан азығы», «Қарым-қатынас мәдениеті», «Эмоция әлемі» атты тренингтер өткізілген, «Менің ұжымымдағы психологиялық климат», «педагогикалық ұжымдағы қарым-қатынас» сауалнамалары жүргізілген. Балабақшаға жаңадан келген балаларға бейімделу парағы толтырылып, жаңадан келген балалардың қызығушылығын арттыру бағытында ойындар мен жаттығулар өткізген. Балалардың танымдық даму деңгейлерін анықтау мақсатында барлық топ балаларына диагностика, ересек, МАД топтарында «Баспалдақ» әдістемесі, баланың мектепке дайындығын анықтауда Керн-Йирасек субтесті, баланың ақыл-ой қабілетін анықтауда «Суретті әңгімелеу» П.З.Ишанов, Г.Б.Бейсенбекова әдістемесі бойынша, Құм терапиясы арқылы топтардағы қозғыштығы басым балалармен «Сезімтал алақандар»,

«Сиқырлы гүл», «Бауырсақ», «Күм терапиясы» Т.Г.Прутникова әдістемесімен өткізілген. Құжаттары жүйелі жинақталған.

*мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру:* 2021-2022 оқу жылында «Бәйтерек», «Ақдидар», «Ақорда», «Ақбота» мектепалды даярлық топтары жасақталған. Мектепалды даярлық топтарында 90 бала тәрбиеленген. Балалар толығымен жас ерекшеліктеріне сай мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын игеріп мектепке келесі білім дейгейін алу үшін 1 сыныбына дайындық жұмыстары жүргізілген.

*мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету:*

2021-2022 оқу жылына №50 «Заңғар» бөбекжайы МКҚК мен №47 ЖОББМ арасында бірлескен қызметі туралы келісім-шарт жасалып, сабақтастық жұмыс жоспары бекітілген. Жұмыс жоспары бойынша мектепалды даярлық топтарының танымдық қабілеттерін зерттеудің бастапқы және қорытынды диагностикасы жүргізіліп, қорытындысы шығарылған. «Мектеп жасына дейінгі балалардың таным белсенділігін арттыруда көрнекі құралдарды қолданудың тиімділігі» тақырыбында мектеппен бірлескен әдістемелік сағат, «Мектепке дейінгі ұйымда заттық- кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыру» тақырыбында пікір алмасу отырысы оздырылған, «Инновациялық технологияны іс-тәжірибеде қолдану» семинар –практикум өткізілген. Семинарда «Математика әлемінде» ұйымдастырылған оқу қызметі қаралып, «STEAM технологиясы - балаларды инженерлік өнерге баулу құралы», «Тапқыр достар» тақырыбында интеллектуалдық ойыны, «Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ойындарды қолдану тиімділігі», «Бала дамуындағы қызықты ойындар» шеберлік – сыныбы ұйымдастырылған.

№47 ЖОББМ мұғалімдерінің қатысуымен ересек топтарына «Баланың мектепке дайындығы», мектепалды даярлық топтарына «Біз жыл бойы не үйрендік» тақырыптарында ата-аналар жиналысы өткізілген. «Балаңыз мектепке дайын ба?» сауалнамасы жүргізіліп, «Балаларды мектепке және жалпы дайындау» тақырыбында кеңестер берілген, қорытындысы шығарылған. Мектеппен сабақтастық оқу жылында жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз етілген.

*тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау:* Балалар өмірін ұйымдастыру және тәрбиелеуді жоспарлау циклограммасында балалардың жас және жеке мүмкіндіктерін ескеріп, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық бөлімінде ойындар, әңгімелер, жеке жұмыстар жоспарланған. Сол жоспарға сәйкес балалармен жұмыстар жүргізілген.

*креативтілік, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру:* 2021-2022 оқу жылында барлық топтар мектеп жасына дейінгі балаларда креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру әдістерін бес білім беру салалары бойынша балалар өмірін ұйымдастыру және тәрбиелеуді жоспарлау циклограммасында, оқу қызметтерінде

қолданған. Мектеп жасына дейінгі балаларда 4К моделі бойынша негізгі құзыреттерді қалыптастыру «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім беру салаларында жылдық жоспар құруда және балалар өмірін ұйымдастыру және тәрбиелеуді жоспарлау циклограммасы бойынша оқу қызметтерінде сыни тұрғысынан ойлауға негізделген әдіс-тәсілдерде: ашық сұрақ, зияткерлік ойын, жұмбақ жасыру, миға шабуыл, логикалық тапсырмалар, креативтілік дағдыны қалыптасыру бойынша: шығармашылық жұмыстар, ертегі қойылымдары, сюжетті ойындар, музыкалық сергіту сәттері т.б, командалық жұмысты жүзеге асыруда: жұптық жұмыс, топтық жұмыс, интеллектуалдық сайыстар, коммуникативтік дағдылар бойынша сөздік қорды дамыту, қарым-қатынас, ауызша сөйлеу тәсілдері қолданылған. Жалпы циклограммада жазылған қимылдық, дидактикалық, сөздік, логикалық ойындарда 4К моделі барлық білім беру салалары бойынша кіріктірілген.

*"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша:* Бөбекжайда балалардың жас ерекшеліктерін және бағдарламалық талаптарды ескере отырып, жұмыстар жүргізілген. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілетін іс-шаралар бөбекжайдың жылдық жоспарында және өтпелі тақырыптар негізінде, вариативтік бөлімдері бойынша қарастырылған.

2021-2022 оқу жылында «Менің Қазақстаным», «Жайнай бер, Қазақстаным!», «Өнер көзі- халықта», «Салт- дәстүрлер және фольклор», «Бір шаңырақ астында» өтпелі тақырыптар негізінде жылдық жоспарлар, апталық циклограммалар жоспарланып, оқу қызметтері өткізілген. Ұлттық ойындарды дәріптеуде ортаңғы топтардың вариативтік компонентіне «Әдептілік- әдемілік» тақырыбы алынған. Топтарда ұлттық, патриоттық бұрыштар толықтырылып, жасақталған. «Тәуелсіз елдің өнерлі өрендері» тақырыбында мәнерлеп оқу байқауы, «Менің тұңғыш - Президентім», «Күн сәулелі Қазақстан!», «Наурыз –жыл басы» ертеңгіліктері, «Көрісу –жақсылықпен бөлісу» шарасы, «Кел, балалар, ойнайық!» (ұлттық ойындар) денсаулық күні өткізілген. «Рухани жаңғыру – жеке тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізі» тақырыбында педагогикалық кеңес, «Әдептілік әліппесі», «Жақсы деген немене, жаман деген немене», «Өнерлі екен он саусақ», «Шеберлер дүкені», «Әжеме қонаққа барамыз» ашық оқу қызметтері қаралған, «Жазғы жайлау», «Ұлттық бұйымдар» көрмелері ұйымдастырылған.

(«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде жұмыс құжаттары, өтпелі тақырыптар тізбесі, циклограммалар мен жылдық жұмыс жоспарлары жинақталған).

3) МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру: №50 «Заңғар» бөбекжайындағы әр топта «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларының талаптарын жүзеге асыру барысында заттық-кеңістік дамытушы орталары жасақталған. Топтарда балалардың жас ерекшеліктеріне қарай пәндік-кеңістіктік дамытушы ортасы әдістемелік дидактикалық құралдармен, ойыншықтармен жабдықталған. «Денсаулық» білім саласы бойынша балалардың денсаулық сақтау технологиясын қолданып, ойындар мен жаттығулар арқылы дене шынықтыруға қызығушылықты, қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыруда спорттық құрал-жабдықтар (кегли, доптар, шығыршықтар, пластмасса гантелдер, т.б.),

кимылды ойындар жиынтығы, атрибуттар, табан бұлшық еттерін жетілдіруге массажды төсеніштер, дәстүрлі емес спорттық құрал-жабдықтар бар. Сонымен қатар әйгілі спортшыларға, спорт түрлеріне арналған альбомдар мен фотосуреттер қойылған. «Қатынас» білім саласы бойынша: балалардың коммуникативтік біліктері мен дағдыларын дамытуда және қарым-қатынас жасауын қалыптастыруда дидактикалық ойындар және атрибуттары, қуыршақ театрлары, сюжеттік, тақырыптық суреттер, балаларға арналған кітаптар бұрышы, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер жинақтары, тақырыптық альбомдар, дауысты, дауыссыз дыбыстарға арналған кеспе әріптер, әр түсті магниттер т.б. жинақталған. «Таным» білім саласы бойынша: баланың танымдық процестерін және заттардың қасиетін бағдарлау, математикалық ұғымдарын қалыптастыру бағытындағы сенсорлық-дидактикалық ойындар, геометриялық пішіндер, ұсақ, ірі конструкторлар, мозайкалар, пазлдар, құрылыс материалдары, мезгіл туралы түсініктерді қалыптастыруға арналған көрнекіліктер, математикалық материалдар, санауға арналған материалдар, бөлме өсімдіктері және оларды күтіп, баптауға қажетті құрал-жабдықтар, зерттеуге арналған құралдар; «Шығармашылық» білім саласы бойынша: балаларға бейнелеу іс-әрекетіне жеке пайдалануға түрлі- түсті қарандаштар, май шам және акварель бояулар, борлар, гуашь, фломастерлар, қарандаш, губкалар, сурет альбомдар, ермексаздар, түрлі- түсті қағаз түрлері, үлгі суреттер; «Әлеумет» білім саласы бойынша: балаларды қоршаған ортамен таныстыру негізінде, әлеуметтік дағдыларын дамыту және қалыптастыруда сюжеттік-рольдік ойындардың жиынтығы, жол ережелері, ұлттық бұрыштардың элементтері, табиғат бұрыштарында жемістер мен көкөністер, жәндіктердің түрлері, ойындарға атрибуттар, үлкендер еңбегімен таныстыруға бағытталған дидактикалық ойындар, ойыншық жиһаз, техникалық заттар, ыдыстар, қуыршақтар, жануарлар, түрлі театрлар: қуыршақ, саусақ, үстел үсті, туған өлкеге арналған бұрыштар, альбомдар жинақталған.

Топтарда білім беру салалары бойынша кеңістік ортаны жабдықтау барысында эстетикалық талаптар сақталған, құралдар балалардың жас ерекшелігіне байланысты қол жетімді жерде орналасқан. Сонымен қатар, педагогтардың шығармашылығымен саусақ, қуыршақ театрлары және денсаулық саласы бойынша дәстүрден тыс спорт құралдарымен толықтырылған. Топтар пәндік – дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар бойынша жабдықтықталған. Қауіпсіз білім беру ортасын құрудың негізгі міндеттері: материалдық-техникалық базаны нығайту, бейнебақылау камермен жарақтандыру, санитариялық ережелер талаптарын сақтау, ата-аналарға, қызметкерлерге ақпараттық стенттер жабдықтау және т.б. орындалған. Бөбекжай интернетке 1 нүктеде қосылған, жылдамдығы 10 Мбит/с. Бөбекжайда заттық-кеңістік дамытушы орта стандарт талаптарына сай ұйымдастырылған.

2021-2022 оқу жылында стендтер жасалып, орамалдар, офистік қағаздар алынған, сайттарда ақпараттық қолдау жұмыстарына, жөндеу және абаттандыру жұмыстарына барлығы 1 221 250 теңге қаражат жұмсалған. Барлық алынған жабдықтардың құжат көшірмелері бар, бухгалтерлік есептілік деректерінің негізгі құралдар тізбесіне енгізілген.

4) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы:

Берілген критерий бойынша 2021-2022 оқу жылы бойынша 50 педагогтың 36-сы тәрбиеші.

Меңгеруші мен әдіскерді қосқандағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар педагогтар үлесі:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар педагогтар	Пайыздық мөлшермен
2021-2022	39	39	100%

Педагогтардың қоса берілген дипломдарының көшірмелері қаралды. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар педагогтердің үлесі 100% көрсеткішті құрайды. (оқу жылы бойынша тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтардың дипломдарының көшірмелері қоса берілді).

**5) жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау:** (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспары мен жеке бағдарламаның көшірмелері қоса беріледі);

2021-2022 оқу жылдарында бөбекжайға қалалық психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық консультация (ҚПДПҚ) қорытындысымен 11 бала келген. Балалармен дефектолог- мұғалім, педагог-психолог және тәрбиешілер, мамандар бірлесе жұмыстанған, түзете-дамыту жұмыстарын жүргізген. Балалар тізімі жасақталып, жолдамалары мен қорытындылары жинақталып, зерттелген, жұмыстанылған. Әлеуметтік зерттеу картасы толтырылған, педагогикалық консилиум өткізіліп, ұсынымдар берілген. Дефектолог, педагог-психологтың жылдық жұмыс жоспары, балаларға жеке түзете дамыту бағдарламасы құрылған. Диагноздарына байланысты және жеке ерекшеліктері ескеріле отырылып Жеке түзете – дамыту бағыты жүргізіліп, түзете-дамыту бағдарламасы бойынша жұмыстанылған. Жылдық жоспарлар құрылып, бөбекжайдың жоспарына сәйкес тақырыптар қамтылған. (құжаттары қоса берілді)

**б) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері бойынша:** 2021-2022 оқу жылында «Бәйтерек», «Ақдидар», «Ақорда», «Ақбота» мектепалды даярлық топтары жасақталған. Мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілерінің білім беру салалары бойынша бастапқы, аралық және қорытынды бақылаудан кейін Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімі толтырылып, түзету жұмыстары жүргізілген. «Баланың жеке даму картасы» толтырылып, жинақталған, ағымдағы жылдың бастапқы, аралық, қорытынды бақылаудан кейінгі түзету іс-шарасы бар. (тәрбиеленушілердің жеке даму карталарының көшірмелері қоса берілді)

**7) "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыруда:**

Білім беру салаларының өзара байланысуы балада қоршаған ортаның тұтас бейнесінің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Білім беру салаларының мазмұнын кіріктіру балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың міндеттерін біріктіру



әдісімен іске асырылған. Мысалы, ұйымдастырылған оқу қызметін, сондай-ақ күн тәртібінің сәттерін өткізуде балалардың ауызекі сөйлеуін дамытуды, сөздік қорды толықтыруды, санауға, би қимылдарын қолданып, музыканың сүйемелдеуімен жаттығулар орындауға үйретуді жоспарлаған. Кіріктіру ұстанымын қамтамасыз ету балалардың танымдық белсенділігін дамытуға және қоршаған ортаны тұтас қабылдауға ықпал етеді. Сонымен қатар бөбекжай тәрбиеленушілері зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік бағыттағы конкурстарға қатысып, нәтижесінде түрлі номинациялармен, сертификат, алғыс хат, дипломдармен марапатталған. 2021-2022 оқу жылы республикалық, облыстық және қалалық марапаттар мен дипломдардың көшірмелері бойынша көркемдік - шығармашылық бағытта-84, зияткерлік бағытта- 3 байқаулар мен шараларға белсене қатысқан.

**8) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы:** мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізуде «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру мен жүргізудің» (2020ж 28 қыркүйек №5 хаттама) әдістемелік ұсынымы басшылыққа алынған. Стандарт талаптарына сай бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырған және балалардың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша жиынтық есебі шығарылған.

#### Жиынтық есеп

Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша

№50 «Заңғар» бөбекжайы МКҚК 2021-2022 оқу жылы

№	Топтың атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	"Айналайын" (кіші топ)	24	15	9	0
2	"Балақай" (кіші топ)	25	25	0	0
3	"Балбөбек" (ортаңғы топ)	28	13	15	0
4	"Балапан" (ортаңғы топ)	26 (2)	19	7	0
5	"Сәуле" (ортаңғы топ)	27	15	12	0
6	"Еркетай" (ортаңғы топ)	29	16	12	0
7	"Айгөлек" (ортаңғы топ)	26 (1)	17	6	3
8	"Балауса" (ересек топ)	24 (3)	6	16	2
9	"Қызғалдақ" (ересек топ)	22 (2)	3	12	7
10	"Достық" (ересек топ)	28 (1)	12	15	1
11	"Шұғыла" (ересек топ)	27 (1)	22	5	0
12	"Тұлпар" (ересек топ)	24 (4)	12	10	2
13	"Жігер" (ересек топ)	26 (1)	2	21	3
14	"Сұңқар" (ересек топ)	28	4	20	4
15	"Ақбота" (МАД тобы)	25	1	24	0
16	"Ақдидар" (МАД тобы)	25	2	20	3
17	"Бәйтерек" (МАД тобы)	21	4	11	6
18	"Ақорда" (МАД тобы)	22 (1)	3	17	2
	Барлығы	457 (16)	192	232	33
			Төмен деңгейдегі балалардың үлесі	Орташа деңгейдегі балалар	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 7%

			42%	ың үлесі 51%	
--	--	--	-----	-----------------	--

Тізім бойынша оқу жылының басында (қыркүйек) тізім бойынша 473 бала болған. Денсаулығы және ата-аналарының еңбек демалысында болуына байланысты 16 бала бастапқы бақылауға қатыспады. (Бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмесі қоса берілді).

### **9. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:**

*1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;*

2021-2022 оқу жылдары «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 12.05.2020ж. №195, «1 жастан бастап 1 –сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары») 1 қосымшасы негізінде жасақталып, мектепке дейінгі ұйым басшысымен бекітілген. Оқу жылында тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарығы көлемі сақталған. Педагогтердің жылдық перспективалық жоспарларында, апталық циклограммасында жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу жүктемелерінің ең жоғары көлемдері сақталған.

*2) оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы:*

№50 «Заңғар» бөбекжайында оқу тәрбие үдерісі мемлекеттік тілде жүргізіледі. 2021-2022 оқу жылында кіші топтарында ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі – 9 сағат, ұзақтығы 10-15 минут; ортаңғы топтарында ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі- 11, вариативтік компонент -1 сағат: 0,5 сағаты «Кел, билейік», 0,5 сағаты «Әдептілік - әдемілік», барлығы - 12 сағат, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 15-20 минут; ересек топтарда ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі- 12, вариативтік компонент -2 сағат оның 1 сағаты «Кел, билейік», 0,5 сағаты «Дарабоз», 0,5 сағаты «Шахмат-ақыл-ой спорты», барлық сағат саны - 14, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 20-25 минут; мектепалды даярлық топтарында ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі- 17, вариативтік компонент -3 сағаттың 1 сағаты «Кел, билейік», 1 сағаты «Дарабоз», 1 сағаты «Шахмат-ақыл-ой спорты» берілген, барлығы - 20 сағат, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минут.

үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқыту тілдері бойынша оқу жүктемесі сақталған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына 1-қосымшағаға сәйкес 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сай оқыту тілдері бойынша оқу жүктемесі сәйкес келеді.(2021-2022 оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі қоса жалғанды).

**10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту

нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптарды анықтау мақсатында бөбекжайдың мектепалды даярлық топтарына: «Ақдидар» тобынан 21-ата -анаға, «Бәйтерек» тобы 19-ата -анаға, «Ақбота» тобы 25-ата –анаға және «Ақорда» тобы 22-ата анаға сауалнама жүргізіліп, барлығы 87 ата-ана сауалнамаға жауап берді.

Ата-аналар толтырған сауалнамалардың түпнұсқаларына жасалған талдау нәтижесінде ата-ана балаларының «Денсаулық сақтау дағдылары» бойынша 85%-ы толығымен келіседі, 14%-ы келіседі, 1%-ы жауап беруге қиналады. «Коммуникативтік-тілдік дағдыларына» 73,6%-ы толығымен келіседі, 21,2%-ы келіседі, 2%-ы жауап беруге қиналады, 2,1 %-ы келіспейді, 1,5%-ы толығымен келіспейді. «Танымдық дағдылары» 74%-ы толығымен келіседі, 21% -ы келіседі, 2,1% -ы жауап беруге қиналады, 2,2%-ы келіспейді, 1%-ы толығымен келіспейді. «Шығармашылық дағдылар» 68%-ы толығымен келіседі, 23% -ы келіседі, 5%-ы жауап беруге қиналады, 2,2%-ы келіспейді, 2,2%-ы толығымен келіспейді. «Әлеуметтік дағдылар» 88%-ы толығымен келіседі, 9% -ы келіседі, 1%-ы жауап беруге қиналады, 1%-ы келіспейді, 1%-ы толығымен келіспейді. Сауалнама нәтижесі бойынша 94% респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған. (тәрбиеленушілердің ата-аналарымен жүргізілген сауалнама нәтижелері қоса берілді).

### **11. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:**

1)МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру бағытында төмендегі ұйымдастырылған оқу қызметтері қаралды:

«Денсаулық» білім беру саласы бойынша: дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметі – дене шынықтыру нұсқаушысы Б.Ж.Сарбаева, дене шынықтыру – «Қызғалдақ» ересек тобы тақырыбы «Кіші олимпиада ойындары», дене шынықтыру нұсқаушысы С.Ж.Каримова; «Айналайын» кіші тобы тақырыбы «Қыстайтын құстар» тәрбиеші Г.А.Кубенова; «Сәуле» ортаңғы тобы тақырыбы «Жаттығу жасап шынығам», қауіпсіз мінез-құлық негіздері – «Ақорда» мектепалды даярлық тобы тақырыбы «Мен үйдемін. Қауіпсіздік мектебі» тәрбиеші А.М.Байзуллина; «Қатынас» білім беру саласы бойынша: сөйлеуді дамыту ұйымдастырылған оқу қызметі «Айналайын» кіші тобы тақырыбы «Қыстайтын құстар» тәрбиеші А.Б.Байназарова; сөйлеуді дамыту/ қоршаған ортамен танысу – «Айгөлек» ортаңғы тобы «Құстар біздің досымыз» тәрбиеші Ж.К.Байтемирова; көркем әдебиет-«Сәуле» ортаңғы тобы тақырыбы «Мақтаншақ алма», тәрбиеші Б.С.Кубаева; сөйлеуді дамыту - «Ақдидар» мектепалды даярлық тобы тақырыбы «Ас атасы- нан», тәрбиеші Т.Б.Сейткереева; сөйлеуді дамыту/жапсыру - «Тұлпар» ересек тобы тақырыбы «Суық торғай», тәрбиеші А.А.Беккужиева; көркем әдебиет/мүсіндеу – «Шұғыла» ересек тобы тақырыбы «Мақтаншақ қоян», тәрбиеші Ж.К.Айльмуханова; орыс тілі ұйымдастырылған оқу қызметі- «Жігер» ересек тобы «Зимующие птицы» орыс тілі мұғалімі Н.М.Габдуллина; сауат ашу негіздері ұйымдастырылған оқу қызметі – «Ақбота» мектепалды даярлық тобы «С дыбысы» тәрбиеші Д.И.Даулетова;

«Таным» білім беру саласы бойынша: сенсорика/сурет салу – «Балақай» кіші тобы тақырыбы «Көлемін салыстыр» тәрбиеші А.Б.Төлегенова; математика негіздері ұйымдастырылған оқу қызметі – «Балбөбек» ортаңғы тобы тақырыбы «Үлкен-кіші, пішіндер», тәрбиеші Д.А.Азмуханбетова; математика негіздері – «Достық» ересек тобы тақырыбы «1 саны, жылдам, баяу» тәрбиеші А.С.Шушанова,

математика негіздері – «Ақдидар» мектепалды даярлық тобы тақырыбы: «10 саны және цифры» тәрбиеші А.А.Магзимова; жаратылыстану ұйымдастырылған оқу қызметі- «Балауса» ересек тобы тақырыбы «Тірі және өлі табиғат», тәрбиеші Г.Б.Есенгужина;

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша: музыка ұйымдастырылған оқу қызметі – «Сәуле» ортаңғы тобы тақырыбы «Жыл құстары», музыка жетекшісі Р.А.Жантлеуова; музыка – «Шұғыла» ересек тобы тақырыбы «Жер ана», музыка жетекшісі Б.О.Кублашева; жапсыру ұйымдастырылған оқу қызметі – «Бәйтерек» мектепалды даярлық тобы тақырыбы «Кішкене қамқоршылар» бейнелеу өнері пәні мұғалімі Д.К.Нуржанова; сурет салу – «Балапан» ортаңғы тобы тақырыбы «Түрлі-түсті доптар» тәрбиеші Г.К.Тауманова;

«Әлеумет» білім беру саласы бойынша: қоршаған ортамен танысу ұйымдастырылған оқу қызметі – «Сұңқар» ересек тобы тақырыбы «Құстар – біздің досымыз», тәрбиеші З.М.Турмуханбетова; өзін-өзі тану ұйымдастырылған оқу қызметі – «Бәйтерек» мектепалды даярлық тобы тақырыбы «Жақсылыққа жақсылық», тәрбиеші М.Ж.Семғалиева.

(МДТО ҮОЖ әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бейне материалы қоса берілді).

**2) 2021-2022 оқу жылдары бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларына талдау жасалған.** Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының қорытынды бақылау нәтижелері бойынша жиынтық есебі шығарылған. Сонымен қатар тәрбиеленушілердің жас кезеңіне сәйкес жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің көрсеткіші анықталған. Бастапқы және қорытынды бақылау бойынша біліктер мен дағдыларды игерген балалардың (II-ші, III-ші деңгей) нәтижелері анықталған.

2021-2022 оқу жылының басында тізім бойынша 473 бала болғанымен, бастапқы бақылауға 457 бала қатысқан, денсаулығы және ата-аналарының еңбек демалысында болуына байланысты 16 бала бастапқы бақылауға қатыса алмаған. Бастапқы бақылау бойынша денсаулық сақтау дағдылары- 54%; коммуникативті-тілдік дағдылар-57%; танымдық дағдылар-55%; шығармашылық дағдылар-63%; әлеуметтік дағдылар-73%, қорытынды бақылауға барлық 477 бала қатысқан нәтижесінде: денсаулық сақтау дағдылары- 98,3%; коммуникативті-тілдік дағдылар-98,1%; танымдық дағдылар-98,3%; шығармашылық дағдылар-98,3%; әлеуметтік дағдылар-99,5% көрсеткен.

Балалардың бес білім саласы бойынша біліктері мен дағдыларын дамыту, бағдарламаны меңгерту мақсатында жеке түзету жұмыстары, ұйымдастырылған оқу қызметтері, түрлі іс-әрекеттер өткізіліп, жұмыстанылады. (өлшемшарттардың 8-қосымшасына сәйкес толтырылған кестесі мен көшірмелері қоса беріледі).

## **12. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:**

1) 2021-2022 оқу жылында бөбекжайда 18 топ жасақталған, тәрбиеленушілердің жас кезеңдері сақталған және топтар бірдей жастағы принцип бойынша жасақталған.

2021-2022 оқу жылында бөбекжайдан шығарылып және қабылданған балалар саны:

№	Оқу жылдары	Шығарылған бала саны	Қабылданған бала саны	Оқу жылындағы барлық бала саны
1	2021-2022	217	205	477

Бөбекжай тізіміндегі әр тәрбиеленуші өз жасына сәйкес жас топтарына бөлініп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруде. (Өлшемшарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдері қоса берілді).

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру талаптарын сақтау бойынша №50 «Заңғар» бөбекжайында мектепалды даярлық тобы бойынша 2021-2022 оқу жылында 90 тәрбиеленуші үлгілік оқу бағдарламасын игеріп, 1 сыныпқа қабылданған. Тәрбиеленушілер жыл сайын мектепке дейінгі ұйымның бұйрығымен келесі оқу жылына көшіріліп немесе шығарылып тұрған. Бөбекжай тәрбиеленушілерінің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушілердің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған. Тәрбиеленушілер Үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген жас топтары бойынша меңгеруге тиісті білім, білік дағдыларды меңгеріп, мектепке шығарылған.

### **№ 50 «Заңғар» бөбекжайы МКҚК өзін-өзі бағалау қорытындысы:**

1. 2021-2022 оқу жылдарында білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес. №50 «Заңғар» бөбекжайында ҚР Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асырылуда. Бөбекжайда мектеп жасына дейінгі балаларға педагогикалық және психологиялық жағдай жасалған және жақсы жолға қойылған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық қамтамасыз етілген. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша бөлінуін растайтын құжаттардың, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен жылдық жоспарға сәйкес балалар өмірін ұйымдастыру және тәрбиелеуді жоспарлау циклограммалары бар. МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта толық мазмұнды, өзгермелі, көпатқарымды, вариативті, қолжетімді және қауіпсіз. Пәндік-кеңістіктік дамытушы орта әрбір жас кезеңінің ерекшеліктеріне сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеуге арналған заманауи дидактикалық материалдар мен жабдықтарды қолдана отырып Үлгілік бағдарлама мазмұнын тиімді іске асыруға, балалардың ойын, танымдық, зерттеу, шығармашылық және қимыл белсенділігін қамтамасыз етуге жағдай жасалған. Пәндік-кеңістіктік дамытушы ортада балаларды қоршаған ересектер мен балалармен өзара ықпалдастықта эмоционалдық жағдайын жасауға және балалардың өз ойын білдіруге мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған. МЖМБС және МДТО үлгілік оқу талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтар қызмет атқарады.

Оқу жылында ҚПДПҚ қорытындысымен келген балалар тізімі жасақталып, жұмыстанылған. Ерекше білімді қажет ететін балалармен дефектолог- мұғалім,

педагог-психолог, тәрбиешілер, мамандар жұмыстанған. Дефектологтың жылдық жұмыс жоспары, жеке түзете дамыту бағдарламасы құрылған.

Баланың даму мониторингі және нәтижелері баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін анықтауға және баланың түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ұйымдастырған. Үлгілік оқу бағдарламасы талаптарын ескеріп, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстар жүргізілген. «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс әрекеттерді ұйымдастыру арқылы іске асырылған, сонымен қатар балалардың зияткерлік, спорттық, және көркемдік-шығармашылық конкурстарға қатысқан. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) әдістемелік талапқа сай жүргізілген. Стандартпен белгіленген деңгейлер III деңгей –«жоғары», II деңгей-«орташа», I деңгей-«төмен» деп баламаланған. Бақылау парағы, жиынтық есебі, баланың жеке даму картасы жүргізілген.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары жүктемесіне қойылатын талаптарға сәйкес. Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесі сақталған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптарға ата -аналар 94% қанағаттанған. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейі МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемі игерілген. Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелері жоғарылап отырғаны байқалады. Оқу мерзімінде жас кезеңдері сақталған және топтарды бірдей жастағы принцип бойынша жасақталған.

2021-2022 оқу жылында №50 «Заңғар» бөбекжайында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптары орындалған.

Алдағы жылдарға даму перспективасы жоспарлануда:

**Даму перспективасының мақсаты:**

мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасауды жетілдіру, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруды нығайту, сондай-ақ балалардың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік, физикалық және зияткерлік дайындығын арттыру.

**Даму перспективасының міндеттері:**





- тәрбиелеу үрдісінде белсенді әдіс – тәсілдерді, жаңашыл технологияларды қолдану негізінде тәрбие, білім беру жұмыстарын жетілдіру;
- тұлғаның жеке дамуы мен жас ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиеленушілердің негізгі құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін дамыту ортасын құру;

- отбасы, балабақша және бастауыш мектеп арасындағы педагогикалық ынтымақтастықты нығайту;
- бөбекжайда білім беру қызметінің тиімділігін арттыру негізінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім берудің сапасын жоғарылатуды қамтамасыз ету және отбасы ынтымақтастығының дамуына жағдай жасау;
- бөбекжайда оқыту - тәрбиелеудің сапасын жаңа технологияларды, жаңа заманға лайықты әдістемелерді және ақпараттық – қатынасты пайдалану арқылы жоғарылату, бала денсаулығын нығайту мен өмірінің қауіпсіздігін сақтау;
- білім беру жүйесінің даму стратегиясын жүзеге асыруда инновациялық қызметтік тиімділігін арттыру негізінде бөбекжай педагогтарының кәсіби құзыреттіліктерін жоғарылату;
- тәрбиеленушілердің психикалық және физиологиялық денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын жетілдіру және рухани – адамгершілік тәрбие негізінде әлеуметтік, патриоттық тәрбие беру.

**Күтілетін нәтиже:**

- мектеп жасына дейінгі баланың толыққанды дамуы мен негізгі құзыреттіліктері мен дағдыларын қалыптастыруда кеңістік ортасын жасақтау;
- әрбір жас кезеңіне сай психикалық және физикалық дамуын қамтамасыз ету және тәрбиелеу;
- даму режимінде жұмыс жасау жағдайында бөбекжайды басқару жүйесін модернизациялау;
- бөбекжай мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты арттыру, тәрбиеленушілердің отбасы мүшелерінің қатысуын қамтамасыз ету;
- педагогикалық үдеріске мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа түрлерін енгізу арқылы педагогтарға мектепке дейінгі тәрбие мен білім алуға қол жетімділігін қамтамасыз ету;
- бөбекжай мен жалпы орта білім беретін мектеп пен сабақтастықты жүзеге асыру, тәрбиеленушілердің өзара әрекетін ұйымдастыруда ортақ талаптарын анықтау;
- балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік – кеңістік дамытушы ортаны толықтыруға жағдай жасау, материалдық техникалық базасын нығайту.

№50 «Заңғар» бөбекжайы МКҚК өзін –өзі бағалау комиссиясының шешімімен бағалау өлшемшарттарына өлшеуіштерді бағалаудың нәтижесі комиссиямен Бағалау өлшемшарттардың 5-қосымшасына сәйкес бағаланды. Комиссияның дауысқа салуымен өзін-өзі бағалау нәтижесі «zhaqsy» деп бағаланды.

1. Ниярова Н.М. № 50 «Заңғар» бөбекжайы меңгерушісі – комиссия төрайымы: 
2. Зулкешева А.А. № 50 «Заңғар» бөбекжайы әдіскері - комиссия мүшесі: 
3. Даулетжан А.Ж. № 50 «Заңғар» бөбекжайы әдіскер-инноватор - комиссия мүшесі: 
4. Магзомова А.А. № 50 «Заңғар» бөбекжайы тәрбиешісі- комиссия мүшесі: 
5. Даулетова Д.И. № 50 «Заңғар» бөбекжайы тәрбиешісі - комиссия мүшесі: 